«Ақтөбе облысы білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі»ММ
«№1 Хромтау орта мектебі» КММ 23.01.2025 жыл № 4 кезектен тыс
педагогикалық кеңес хаттамасы

Өтетін уақыты:12.30
Қатысқандар саны: 55 (педагогикалық ұжым)
Қатыспағандар: 0
Кеңес төрағасы: Абдрахманова А.К.
Хатшы:А.Жасталапқызы

Күн тәртібінде:

1.Абдрахманова А.К.- мектеп директоры

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысын таныстыру.

Тыңдалды:

Абдрахманова А.К.-мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы».Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде,2024 жылғы 09.12-17.12 аралығында «Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

1.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.1 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған оқу жоспары зерделеуге ұсынылмаған.

2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.2 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес мектепалды сыныбының перспективалық жоспары, циклограммалары, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі ұсынылмаған.

3.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» талаптарына сәйкес зерделеу кезеңіне штаттық кесте, педагогтер туралы толық мәлімет, оқу әдістемелік ұсынымдардың 2-қосымшасы, мектепалды сыныптардың жиһазбен жабдықталуы әдістемелік ұсынымдардың 4- қосымшасы, әдістемелік кешендермен

жасақталуы туралы әдістемелік ұсынымның 5-қосымшасы, ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілердің болу немесе болмауы туралы мәлімет ұсынылмаған.
4.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 9.4 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің қорытындысы ұсынылмаған.
5.2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарынның мектепалды сынып тәрбиеленушілерінің даму мониторингісінің бастапқы және қорытынды бақылау нәтижелері ұсынылмаған.
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 10.1 тармағы талабына сәйкес келмейді.
7. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 11.1 тармағы талабына сәйкес келмеу.
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 11.2 тармағы талабына сәйкес еместігі.
9. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында Білім алушылардың ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында ұйымдастыру ұсынылмаған.
10. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық,еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру ұсынылмаған.
11. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы 1 «Б»,3 «А»,3 «Б»,3 «В» сыныптарда «Дүниетану» пәніне, ал 5 «А»,5 «Б», 6 «А», 6 «Б», 6 «В», 7 «А», 7 «Б», 7 «В», 8 «А», 8 «Б»,9 «А», «Б»,9 «В» сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу пәніне кіріктіріліп өткізілмеген;
«Жеке қауіпсіздік негіздері» сабагы 2 «А», 4 «В», 5 «А», 9 «В», 11 «Б» сыныптарында сынып сағаттарына кіріктіріліп өткізілмегендігі.
12. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы 1 «А», 1 «Ә»,1 «Б», 2 «А» сыныптарында сынып сағаттарына, «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5 «Б», 6 «А», 6 «Б»,6 «В»,7 «А», 7 «Б», 7 «В», 8 «А», 8 «Б» сыныптарында сынып сағатына кіріктіріліп өткізілмеген;
13. «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрығы бойынша өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі туралы акт ұсынылмаған.
14. 2024-2025 оқу жылында I тоқсан бойынша 6 б орыс сыныбында А.Асылбекованың тобынан шетел тілі пәнінен Гирич Роман мен Клименко Константинге 24.09.2024 күні БЖБ №1, 15.10.2024 күні БЖБ №2 және 22.10.2024 күні ТЖБ балдары қойылмай тоқсандық баға шығарылған.

I тоқсан бойынша 6 б орыс сыныбында А.Асылбекованың тобынан шетел тілі пәнінен Бенсов Дамирге 23.09.2024 күні БЖБ №1, 14.10.2024 күні БЖБ №2 және 22.10.2024 күні ТЖБ балдары қойылмай тоқсандық баға шығарылған. I тоқсан бойынша 10 б орыс сыныбында 23.10.2024 күні 4 пәннен (қазақ тілі мен әдебиеті, биология, шетел тілі, география) ТЖБ алынған. I тоқсан бойынша 11а сыныбында география пәнінен қалыптастырушы бағалау жүргізілген және тоқсан соңында «сыналды» деп

қорытындыланған. I тоқсан бойынша 7а сыныбында 21.10.2024 күні 4 пәннен (қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті, физика, химия), 7 б сыныбында 21.10.2024 ж күні 4 пәннен (орыс тілі, шетел тілі, биология, химия), 8 б сыныбында 21.10.2024 ж күні 4 пәннен (биология, орыс тілі, Қазақстан тарихы, физика), 9а сыныбында 21.10.2024 ж күні 4 пәннен (Қазақстан тарихы, қазақ тілі, физика, орыс тілі мен әдебиеті), 115 сыныбында 23.10.2024ж күні 4 пәннен (шетел тілі, алгебра, биология, қазақ тілі мен әдебиеті) ТЖБ алынған.

15. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 14.4 тармағы талабына сәйкес келмейді, өйткені компьютерлік тестілеудің қорытындысы барлық тестіленетін бағыттар бойынша 9 кластағы оң жауаптардың үлесі 40%-дан төмен «қанағаттанарлықсыз» (38.4%) деңгейін көрсетті.

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2024 жылығы 17 желтоқсандағы №272 хаттамалық шешіміне сәйкес «Ақтөбе облысы білім басқармасының Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№1 Хромтау орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың,бастауыш,негізгі орта,жалпы орта,техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-4 қосымшасы талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты аттестатталмады.

ШЕШІМ:

1.Мектепалды сыныбының құжаттары жинақталып қайта жаңартып мектеп сайтына жүктеу оқу ісінің орынбасары Г.К.Жалекешоваға жүктелсін.

2.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылығы 3 тамыздағы №348 бұйрығының орындалмауына байланысты класс жетекшілер мен пән мұғалімдерінен түсініктемелер алынсын.

3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген сынып журналы жүргізу және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 2-тарау, 8-тармағы,9-тармағы талаптарын педагогикалық ұжым арасында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылсын. Г.К.Жалекешоваға міндеттелсін.

4. 2022 жылғы 21 ақпандағы №55 бұйрығы бойынша өрт қауіпсіздігінің талаптары бойынша акт құжаттарын дайындау К.Е.Коспановаға жүктелсін.

5. 9 сынып білім алушыларын мемлекеттік аттестаттауға байланысты жоспар құрылып дайындық жұмыстары жүргізілсін. (Г.К.Жалекешоваға міндеттелсін)

Педагогикалық кеңес төрағасы: Абдрахманова А,К.

Хатшы: Жасталапқызы А.